

Респубикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 21 маусымдағы № 813 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 560 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 560 қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбы мен мәтінінде "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың" деген сөздер "мемлекет кепілдік берген қарыздардың" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.22. N 476 Қаулысымен.

Респубикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Респубикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы;

2) Респубикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 21 маусымдағы
N 813 қаулысымен
бекітілген

Респубикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 N 970 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы вице-министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті бюджеттік кредит беру басқармасының басшысы, хатшы

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі

Қазақстан Республикасы Парламенті Мажілісінің Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі менгерушісінің орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай химиясы және техникалық реттеу департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Мемлекеттің мүліктік құқықтарын қорғау департаментінің директоры

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Үйлестіру департаментінің директоры (келісім бойынша)

"Даму" кәсіпкерлік даму қоры" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Активтерді сауықтыру және басқару компаниясы" акционерлік қоғамының басқарма төрағасы (келісім бойынша)

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1999 жылғы 21 маусымдағы

N 813 қаулысымен

бекітілген

Республикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
Ереже

Ескеरту. Тақырыбы мен мәтінінде сөздер алмастырылды - ҚР Үкіметінің 2003.05.22. N 476, өзгерту енгізілді - 2005.05.06. N 434 Қаулыларымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Республикалық бюджеттен берілген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайтару және қайта құрылымдау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (бұдан әрі - Комиссия) қызметін реттейді.

2. Комиссия:

республикалық бюджеттен берілген несиeler мен мемлекет кепілдік берген қарыздардың қаражатын қайтару мен қайта құрылымдаудың мүмкіндіктерін қарау үшін;

республикалық бюджеттің мерзімі өткен талап етулерін жіктеу үшін құрылады.

3. Комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Комиссияның құрамына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, сондай-ақ мұдделі министрліктер мен ведомстволардың өкілдері және өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдері (келісім бойынша) кіреді.

Ескерту. 3-тармақта өзгерту енгізілді - КР Үкіметінің 2003.05.22. N 476, 2008.03.19 N 271 Қаулыларымен.

2. Комиссияның жұмыс тәртібі

4. Комиссияның органдары:

- 1) жұмысшы орган;
- 2) Комиссияның тәрағасы;
- 3) терағаның орынбасары;
- 4) хатшы;

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Комиссияның жұмыс органдары болып табылады.

Комиссияның жұмыс органдары комиссия жұмысын үйімдастырушылық-техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар комиссия отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса комиссия мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

6. Комиссияның тәрағасы оның қызметіне жетекшілік етеді, мәжілістерінде тәрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес Комиссия жүзеге асыратын қызметке, сондай-ақ салааралық, ведомствоаралық үйлестіруге және Комиссия әзірлейтін шешімдерге дербес жауапты болады. Тәраға болмаган уақытта оның функцияларын орынбасары орындайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 2006.05.17. N 411 Қаулысымен.

7. Комиссия отырысы өткізілгеннен кейін комиссия хатшысы хаттама ресімдейді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

7-1. Республикалық бюджеттен берілген несиелерді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздар шеңберінде респубикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайта құрылымдау мәселесін енгізу үшін Комиссия отырысының күн тәртібіне қарыз алушы Комиссияның жұмыс органдарына мынадай құжаттарды ұсынады:

бизнес-жоспар;

сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қорытындысы;

құзыретіне бизнес-жоспарда көрсетілген мәселелер кіретін мемлекеттік органның қорытындысы.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулыларымен.

8. Комиссия шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға комиссия мүшелерінің жалпы санының көшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру комиссия отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парагын толтыру жолымен өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, ол жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген комиссияның есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Комиссия отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парактарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, комиссия хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парагын комиссия мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Комиссия мүшелері дауыс беру парагын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не себептерін негіздей отырып, келіспеу туралы жауап береді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

9. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

10. Дауыс беру парактарымен қоса, комиссия материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды комиссияның жұмыс органды жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

11. Комиссияның жұмыс кестесін Комиссия айқындайды.

12. Комиссияның мәжілісі нақты проблемалар мен мәселелер бойынша өткізіледі.

13. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.

14. Комиссия хаттамалық шешім қабылданғаннан кейін 15 күннің ішінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1) жобалар едәуір мөлшерде толық қаржыландырылмаған, заемшы кәсіпорындар борыш берілмestен сатылған, қайта ұйымдастырылған не олар таратылған (банкроттық) жағдайларда республикалық бюджеттен бөлінген несиelerді, сондай-ақ мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражатты қайта құрылымдау, (пролонгациялау, есептен шығару);

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне республикалық бюджеттен берілген несиенің шеңберінде және мемлекет кепілдік берген қарыздардың шеңберінде белгіленген тәртіппен аукциондарда сату үшін, оның ішінде төлемді кейінге қалдыру шартымен алынған мүлікті беру;

3) заемшы кәсіпорындарға республикалық бюджеттен берілген несиeler бойынша олардың негізгі борыштың сомасы мен сыйақыны (мұддені) өтеуі шартымен есептелген айыппұл санкцияларын ішінara өтеу мүмкіндігін беру мәселелері жөнінде ұсыныс енгізеді.

Комиссияның қызметін тоқтатуы

15. Комиссияның қызметін тоқтатуына:

1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;

2) бұрын Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар немесе өзге комиссия құру;

3) Комиссияның міндетін орындалмайтын немесе орынсыз ететін өзге де жағдаяттар негіз болады.

16. Комиссияның құрамына немесе функцияларына өзгерістер енгізу қажет болған жағдайда, Комиссияның төрағасы лауазымды тұлғасы болып табылатын министрлік не ведомство Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне Үкімет шешімінің жобасын енгізеді.

17. Осы Ереженің 15-тармағында көрсетілген, Комиссияның қызметін тоқтатуына әкеп соқтыратын жағдаят пайда болған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне істелген жұмыстар туралы есеп-хат жолданады.

Комиссияның есеп-хаты:

1) Комиссия жасаған қорытынды құжатты;

2) ол бойынша Комиссия өзінің қызметін тоқтатуы қажет деп санайтын негіздемені қамтиды.

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған
кейбір шешімдерінің
Тізбесі**

1. "Республикалық бюджеттен оқшауландырылған қаражаттарды соңғы заем алушылардан қайтару жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 ақпандағы N 194 қаулысы.
2. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 16 мамырдағы N 144 өкімі.
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 13 тамыздағы N 271 өкімі.
4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 ақпандағы N 194 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 20 ақпандағы N 123 қаулысы.
5. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 9 сәуірдегі N 64 өкімі.
6. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың жекелеген мәселелерін реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қазандағы N 1056 қаулысы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК